



«АКАДЕМИАЛЫҚ АДАЛДЫҚ
LIGASY» JOGARY OQY
ORYNDARYNYN QAÝYMDASTYGY
QAZAQSTAN RESPÝBLIKASY,
010000, NUR-SULTAN QALASY, ESIL
AÝDANY, QORGALJYN TAS JOLY, 8,
614 KAB.
info@adaldyq.kz
+7 7172 703018

АССОЦИАЦИЯ ВЫСШИХ
УЧЕБНЫХ ЗАВЕДЕНИЙ «ЛИГА
АКАДЕМИЧЕСКОЙ
ЧЕСТНОСТИ» РЕСПУБЛИКА
КАЗАХСТАН, 010000, ГОРОД НУР-
СУЛТАН, РАЙОН ЕСИЛЬ,
ШОССЕ КОРГАЛЖЫН, 8, 614
КАБ.
info@adaldyq.kz
+7 7172 703018

ASSOCIATION OF HIGHER
EDUCATIONAL INSTITUTIONS
«ACADEMIC INTEGRITY
LEAGUE» THE REPUBLIC OF
KAZAKHSTAN, 010000, NUR-
SULTAN CITY, ESIL DISTRICT,
KORGALZHYN AVENUE, 8, 614
ROOM.
info@adaldyq.kz
+7 7172 703018

«Академиялық адалдық негіз ретінде» бейне дәріс мазмұны бойынша сұрақтар

1. Академиялық адалдық деген не?

Жауап: Халықаралық Академиялық адалдық орталығының берген анықтамасына сәйкес - Академиялық адалдық, бұл - Кез келген, тіпті ең қиын жағдайда да алты негізгі құндылыққа жүгіну: **адалдық, сенім, әділдік, құрмет, жауапкершілік және батылдық.**

2. Академиялық адалдықтың басты принциптері қандай?

Жауап: Адалдық, сенім, әділдік, құрмет, жауапкершілік және батылдық

3. Академиялық адалдықты бұзу түрлері қандай?

- Плагиат, өз-өзіне плагиат жасау
- Жауаптарды көшіру (тесттердің, жазбаша емтихан т.б)
- Басқа студент үшін жұмыс орындау
- Басқа тұлғаларға емтихан жауаптарын беру, не оларды басқалардан алу
- Алаяқтық, алдау
- Жалғандық (falsification, fabrication)
- Академиялық бұзушылықты қолдау (сөз байласу, пара алу, сыйлықтар беру, корқыту және т.б.)

Айта кету керек академиялық бұзушылық түрлері жоғарыда аталғандармен шектелмейді. Олардың нақты тізімі Университетіңіздің ішкі нормативті құжаттарында: Академиялық саясатта, Этикалық кодексі не ар-намыс кодексінде, немесе академиялық адалдық ережелерінде көрсетілген. Осы құжаттармен мұқият танысқаныңыз жөн. Олар әдетте **Веб-сайтта немесе университеттің LMS жүйесіндегі студенттің жеке кабинетінде орналастырылған.**

4. Академиялық адалдықты бұзғаны үшін қандай жауапкершілік қарастырылған?

- Тапсырманың бағасын жою
- Курсты меңгеруді тоқтату (ритейк)
- Ескерту



«AKADEMIHALYQ ADALDYQ LIGASY» JOGARY OQY ORYNDARYNYN QAÝYMDASTYGY QAZAQSTAN RESPÝBLIKASY, 010000, NUR-SULTAN QALASY, ESIL AÝDANY, QORGALJYN TAS JOLY, 8, 614 KAB.
info@adaldyq.kz
+7 7172 703018

АССОЦИАЦИЯ ВЫСШИХ УЧЕБНЫХ ЗАВЕДЕНИЙ «ЛИГА АКАДЕМИЧЕСКОЙ ЧЕСТНОСТИ» РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН, 010000, ГОРОД НУР-СУЛТАН, РАЙОН ЕСИЛЬ, ШОССЕ КОРГАЛЖЫН, 8, 614 КАБ.
info@adaldyq.kz
+7 7172 703018

ASSOCIATION OF HIGHER EDUCATIONAL INSTITUTIONS «ACADEMIC INTEGRITY LEAGUE» THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN, 010000, NUR-SULTAN CITY, ESIL DISTRICT, KORGALZHYN AVENUE, 8, 614 ROOM.
info@adaldyq.kz
+7 7172 703018

- Қоғамдық жұмыстар
- Сынақ мерзімі (кез келген жаңа бұзушылық неғұрлым қатаң санкцияларға әкеледі).
- Бір семестрге, не жылға оқуды тоқтата тұру
- Университеттен шығару (ауыр немесе қайталанатын бұзушылық үшін)

5. Академиялық адалдықты бұзғаны үшін санкцияларды кім белгілейді?

Жауап: Санкцияларды оқытушының өзі, декан немесе басқа уәкілетті тұлға, ал қайталанған немесе ауыр жағдайларда университетте құрылған арнайы алқалы орган – комиссия, комитет не кеңес шешімімен белгілеуі мүмкін.

Ескерте кету керек: бұзушылық орын алған жағдайда ол студент дипломының транскриптіңде көрсетіледі. Ал егер академиялық адалдықты бұзғаны үшін студент оқудан шығарылса, басқа университет ол студентті қабылдамауы мүмкін. Академиялық Лига мүшелері болып табылатын университеттер бұл ережені бұлжытпай орындауға міндетті. Яғни бұл университеттер академиялық адалдықты бұзғаны үшін оқудан шығарылған студентті қабылдамайды.

6. Академиялық адалдықты бұзудың алды-алу шаралары қандай?

Жауап:

- Университет құжаттарымен: Академиялық саясат, Этикалық кодекс, Академиялық адалдық ережелерімен мұқият танысу
- Әр пәннің силлабусындағы курс саясатын зерттеңіз
- Коммуникация: ережелер түсініксіз болса оқытушыға, эдвайзерге жүгініп, олардан түсіндіруді сұрау